

«Ғылым қоры» АҚ
2018 жылғы 11 маусымдағы №44
Басқарма шешімімен
бекітілді

2018 жылға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыруға арналған өтінімдерді дайындау бойынша Конкурстық құжаттама

Ғылым саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті

Конкурс операторы – «Ғылым қоры» АҚ

**Астана
2018 ж.**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Конкурстық құжаттама ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру бойынша конкурсына (ары қарай - Конкурс) қатысуға өтінімдерді дайындау мақсатында 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-VI «Ғылым туралы», 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарының аясында, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №718 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. бұйрығымен бекітілген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру ережелеріне, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №720 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. бұйрығымен бекітілген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу ережелеріне сәйкес әзірленген.

2. Конкурстың мақсаты – өтеусіз және қайтарымсыз негізінде ұсынылатын, бюджеттік және (немесе) бюджеттен тыс қаражат есебінен экономиканың басым секторлары шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын (ары қарай - Жоба) жүзеге асыруға арналған гранттар бөлу.

3. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына грант алу үшін өтінімдерді беру сәтіне дейін ғылыми зерттеулер аяқталған болуы керек (құрамында ғылыми-техникалық жұмыстарды, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді жүргізу бойынша ақпараттары бар, сондай-ақ аяқталған ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарламаның нәтижесі туралы немесе жоспарлы жұмыстарды әрі қарай жүргізудің мақсаттылығы туралы ақпараты бар ҚР БҒМ «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы» АҚ–да тіркелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есеп).

4. Конкурстың операторы – «Ғылым қоры» акционерлік қоғамы (ары қарай - Оператор).

2. Тиісті коммерцияландыру жобалары қалыптасатын басым секторларының тізбесі

5. 2018 жылы ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларын іске асыру үшін экономиканың басым секторларының (тақырыптардың) атаулары:

- 1) Азық-түлік өнімдерінің өндірісі
- 2) Уыт өндірісі
- 3) Минералды су және басқа да алкогольсіз сусындар өндірісі

- 4) Тоқыма бұйымдарының өндірісі
- 5) Киім-кешек өндірісі
- 6) Былғары және оған жататын өнімдер өндірісі
- 7) Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарының өндірісі; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндірісі
- 8) Қағаз және қағаз өнімдерінің өндірісі
- 9) Жазылған материалдарды басып шығару және тыңдатып-көрсету
- 10) Кокс және мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісі
- 11) Химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі
- 12) Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндірісі
- 13) Резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісі
- 14) Өзге бейметалл минералды өнімдер өндірісі
- 15) Металлургия өнеркәсібі
- 16) Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарының өндірісі
- 17) Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі
- 18) Электр жабдықтарының өндірісі
- 19) Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі
- 20) Автокөлік құралдарының, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндірісі
- 21) Өзге көлік құралдар өндірісі
- 22) Жиһаз өндірісі
- 23) Өзге дайын бұйымдар өндірісі
- 24) Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату
- 25) Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; қалдықтарды кәдеге жарату
- 26) Техникалық сынақтар және талдаулар
- 27) Буып-түю
- 28) Құрылыс
- 29) Сандық технологиялар (3D-принтинг; онлайн-сауда; мобильді банкинг; сандық сервистер, оның ішінде денсаулық сақтау мен білім беру саласында)
- 30) Автоматтандыру
- 31) Роботтандыру
- 32) Жасанды интеллект
- 33) «Көп деректермен» алмасу
- 34) Геологиялық барлау
- 35) Шикізатты кешенді өңдеу
- 36) Қауіпсіз, таза және тиімді энергия
- 37) Денсаулық сақтау
- 38) Биотехнологиялар
- 39) Жаңа материалдар мен технологиялар
- 40) Экология
- 41) Атом өнеркәсібі
- 42) Туризм

43) Ғарыштық технологиялар

44) Агроөнеркәсіптік кешен

3. Жобаны іске асыру шарттары

6. Грант қаражаты есебінен қаржыландыруға жатпайтын шығындардың баптары:

1) темекі өнімдерін, алкоголь ішімдіктерін, қару мен әскери жабдықтарды, құмар ойындарды өндіру және (немесе) сату;

2) қандай-да бір үшінші тарапқа қарызды өтеу және (немесе) пайыздар;

3) ықтимал келешек шығындар және (немесе) қарыздарға резервтер мен шығындар;

4) мемлекеттік бағдарламалар немесе мемлекеттік компаниялар және (немесе) ұйымдар есебінен қаржыландырылған жұмыстар;

5) валютаны айырбастаудағы шығындар мен айыппұлдар;

6) грант алатын қызметкерлерге сыйақы мен материалды көмекті төлеу;

7) өкілдіктік шығындар;

8) персоналды іріктеуге байланысты қызметтер;

9) жазылуға шығындар (газеттер, журналдар және т.б.);

10) көлік құралдарын (ауылшаруашылығына арналған арнайы техникадан басқа), жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті сатып алу;

11) көлік инфрақұрылымын құру, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысының шығындары;

12) ғылыми мақалаларды жариялауға бағытталған шығындар;

7. Грант есебінен қаржыландырылатын шығындар баптары:

1) Жобаны жүзеге асыруға қатысатын жобалық тобының еңбекақыларын төлеу қоры;

2) Жобаны жүзеге асыру үшін құрал-жабдықтарды және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу;

3) өндірістік жайларды дайындау;

4) Жобаны жүзеге асыру үшін шығын материалдарын және толымдаушыларды алу;

5) Жобаны жүзеге асырумен байланысты үшінші тұлғалардың жұмыстары мен қызметтерін төлеу (Конкурстық құжаттаманың 6-шы тармағында көрсетілген баптарды есептемегенде);

6) Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті жабдықтар, алаңдар мен ғимараттарды жалға алу;

7) Жобаны жүзеге асыру кезінде алынған жаңадан құрылатын зияткерлік меншік объектілері үшін зияткерлік меншікті қорғау (патент сенімгерлерінің қызметтері, мемлекеттік және патенттік бажды төлеу);

8) Ғылыми іс-сапарлардан басқа, Жобаны жүзеге асырумен байланысты іс-сапар шығындары;

9) өнімді немесе қызметтерді нарыққа шығару бойынша шығындар;

10) Жобаны жүзеге асыру кезінде туындайтын салық міндеттемелері және басқа да бюджетке төленетін төлемдер;

11) операциялық шығындар (ғылыми шараларға қатысу, зияткерлік меншік объектілерінің қорғау құжаттарын күшінде сақтаумен және зияткерлік меншіктің объектілерін сатып алумен байланысты шығындарды есептемегенде, кеңсе орынжайларын жалға алу және (немесе) коммуналдық қызметтер, кеңсе тауарлары, банк қызметтері, пошта қызметтері, байланыс және телекоммуникация қызметтері және т.б.).

8. Жобаны жүзеге асыру нәтижесі болып табысты алуға бағытталған нарыққа жаңа немесе жетілдірілген тауарлар, процестерді немесе қызметтерді шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикалық қолдануымен байланысты қызмет табылады.

9. Табысты алуға бағытталған Конкурстық құжаттаманың 8 тармағында көрсетілген қызмет коммерциядандырудың келесі жолдардың бірімен көрсетілуі тиіс:

1) Өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өндіруді және (немесе) сатуды ұйымдастыру;

2) Шығарылатын өнім өндірісінің үрдістерін жаңғырту;

3) Зияткерлік меншіктің объектісін пайдалануға лицензияларды сатуды ұйымдастыру.

10. Гранттық қаржыландыру үшін мақұлданған Жобалар Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылуы тиіс.

11. Грант аясында бөлінген қаражат өтінімде көрсетілген мақсаттарға бағытталуы тиіс.

12. Ұсынылған Жобаны жүзеге асыру үшін Гранталушы болып, Қазақстан Республикасының резиденті болатын және Конкурстық құжаттаманың 2-ші Қосымшасында көрсетілген тұлға (өтінім беруші немесе стартап-компания, немесе жеке серіктес) болуы керек.

13. Гранталушы болып жосықсыз борышкер және (немесе) жалған кәсіпорын болып саналатын, тарату (ликвидация), санация кезеңінде тұрған тұлғалар бола алмайды.

14. Зияткерлік меншіктің жаңадан құрылатын объектілері Жобаны жүзеге асыратын субъектіге тіркелуі тиіс.

15. Жобаға қатысты қолданыстағы зияткерлік меншік объектілері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Жобаны жүзеге асыратын тұлғаға берілуі керек. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне қорғау құжаттары болмаған жағдайда гранталушыға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін беру туралы келісім-шарт беріледі.

16. Жоба жетекшісі Жобаны жүзеге асыру уақытында толық жұмыс күнді еңбек шартының негізінде гранталушының қызметкері болуы керек.

17. Жобаны жүзеге асырудың кез келген кезеңінде жобалық топ мүшелерін ауыстыру тек Оператордың жазбаша келісімімен рұқсат беріледі.

18. Жобалық топ мүшелері Жобаны жүзеге асыру уақытында Қазақстан Республикасының аумағында өмір сүруі және болуы керек.

19. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V ЗРК «Ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңымен реттелген, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қаражатынан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер шеңберінде алынған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бөлігіндегі құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейтін заңнамасы қолданылмайды.

20. Грантталушыға Жобаны іске асыруға қатысатын тараптардан тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға тыйым салынады.

21. Жоба барысында және (немесе) аяқталғаннан кейін Жобаны жүзеге асырумен байланысты ақпаратты баяндау кезінде грантталушылар Операторды және (немесе) уәкілетті органды көрсете отырып алынған Грантқа сілтеме жасауы керек.

22. Бір жобаны жүзеге асыру мерзімі 36 (отыз алты) айдан аспау керек.

4. Конкурстық өтінімді рәсімдеуге қойылатын талаптар

23. Конкурсқа қатысу үшін келесі тізбе бойынша өтінім жасалады:

Міндетті түрде берілуі тиіс

1) Конкурстық құжаттаманың 1 қосымшасына сәйкес Грантты алуға өтінімді беруге өтініш;

2) Конкурстық құжаттаманың 2 қосымшасына сәйкес Жобаны жүзеге асырудың жоспары;

3) ҚР БҒМ «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығы» АҚ-да өтініш берушінің атына тіркелген ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есептің көшірмесі. Есептің негізгі беті ҚР БҒМ «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы» АҚ мөрімен куәландырылады және мемлекеттік тіркеу нөмірін қамтуы тиіс. ҒҒТҚН иесі қайта ұйымдастырылған кезде, растайтын құжаттарды ұсыну қажет;

4) ҚР БҒМ «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы» АҚ мөрімен куәландырылған және мемлекеттік тіркеу нөмірі бар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есептің тіркеу және ақпараттық карталары;

5) Жоба мен конкурстың атауы, Жобаны жүзеге асыру талаптары, қоса қаржыландырудың көлемін көрсете отырып жеке серіктестікпен бірлескен

қызмет туралы келісімнің көшірмесі (Жеке серіктестіктің тарапынан қоса қаржыландыру бар болған кезінде);

6) Жоба мен конкурстың атауы, нысандарды беру талаптары, 2 қосымшаның 8-ші кестесінде көрсетілген материалдық-техникалық базаның объектілері (құқық белгілеуші құжаттар қоса берілуі тиіс) көрсетілген бірлескен қызмет туралы келісімнің көшірмесі ұсынылады (Жеке серіктестіктің тарапынан материалдық-техникалық базаны ұсыну кезінде);

7) Жобалық топ мүшелерінің Жобаға қатысуға келісімі.

Қосымша (міндетті емес)

1) Жобалық топ мүшелерінің дипломдарының, куәліктерінің, сертификаттарының көшірмелері;

2) Жобаны жүзеге асыруда қолданылатын зияткерлік меншік объектісінің(-лерінің) қорғау құжаттарының көшірмелері;

3) Жобаны жүзеге асыру кезінде нарыққа шығаруға ұйғарылған өнімге немесе қызметке деген қызуғышылықты растайтын хаттар және (немесе) алдын ала келісім-шарттар;

4) шығындар сметасына растайтын құжаттар (кемінде үш әлеуетті жеткізушілерден баламалары бар коммерциялық ұсыныстар).

24. Өтінімнің барлық материалдары www.e-cloud.asia сайтында қол жетімді өтінімдерді қабылдаудың электрондық жүйесі арқылы толтырылып Операторға жіберіледі.

25. Өтініш беруші есептерде қолданылған деректер көздерін және есепті жүргізу күнін көрсете отырып, негіздемелердің, есептердің және бастапқы деректердің дұрыстығы мен толықтығын қамтамасыз етеді.

26. Өтінім мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалады.

27. Өтініш беруші, Операторға қатысудан жазбаша түрде бас тартуды ұсына отырып, Конкурссыз өткізудің кез келген кезеңінде қатысудан бас тартуға немесе өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін өтінімдерді қабылдаудың электрондық жүйесінде өтінімді қайтарып алуға құқылы.

28. Мазмұны мен ресімделуі осы Конкурссыз құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер Конкурсқа қатысуға қабылданбайды. Өтініш беруші формалды тексеріс негізде өтініштің қабылданбағаны туралы хабарлама алғаннан кейін үш күнтізбелік күн ішінде Операторға жазбаша негіздемесін ұсыну жолымен шағымдануға құқылы.

29. Оператор өтінімнің материалдарында плагиат, жалған ақпарат, фабрикациялау, жалған авторлық, материалды-техникалық база туралы жалған деректер фактісін анықтаған жағдайда, сондай-ақ бұрын қаржыландыруға ұсынылған шаралар мен шығындар мемлекеттік бағдарламалар немесе мемлекеттік компаниялар және (немесе) ұйымдардың есебінен қаржыландырылған немесе қаржыландыру үстіндегі өтінімдерді

анықтаған жағдайда Грантты ұсыну рәсімдерінің кез келген кезеңінде өтінімді ары қарай қарастырудан бас тарту туралы сұрақты ұсынуға құқылы.

30. Конкурстық өтінімдерді қарастыру және жеңімпазды анықтау ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру Ережелеріне және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу Ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

5. Бір Жобаны қаржыландырудың максималды көлемі

31. Бір мәлімделген Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті сұратылатын гранттың сомасы 300 000 000 теңгеден аспауы тиіс.

32. Конкурсқа қатысуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде Конкурсқа қатысуға өтінімді дайындаумен байланысты шығындарды өтінімгерлердің өздері көтереді.

33. Конкурсқа қатысу өтінімінде көрсетілген барлық сомалар теңгемен көрсетілуі керек.

6. Жобалық топ мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптары

34. Жобалық топ 7 адамнан аспауы керек.

35. Жобаның жетекшісі Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек;

36. Жобалық топ мүшелері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру Жобаларын гранттық қаржыландыру аясында екіден көп Жобаға қатыса алмайды.

37. Жобалық топта технологияларды коммерцияландыру саласында тәжірибесі бар немесе бизнесті дамытуда практикалық тәжірибесі бар тұлғаның болуы міндетті. Бұл ретте, ол келесі минималды талаптарға жауап беруі тиіс:

- жоғары білімі болуы керек (міндетті түрде);
- бизнесті дамытуда немесе осыған ұқсас жобаларды жүзеге асыруда еңбек өтілі кемінде 2 жыл (міндетті түрде);
- ғылыми дәрежесі болуы керек (артықшылыққа ие)

7. Қоса қаржыландыру шарттары

38. Өтінім берушінің жеке қаржылай қаражаты есебінен және (немесе) жеке серіктестің тарапынан қоса қаржыландырудың болуы өтінімді қарастыру және гранттық қаржыландыруды алуға жеңімпазды анықтау кезінде басымдылық талап болып табылады.

39. Өтінім берушінің жеке қаражаты есебінен және (немесе) жеке серіктестің тарапынан қоса қаржыландыру кезінде өтінімді бергенге дейін теңгемен салым сомасы, сондай-ақ тиісті келісімде көрсетілген бірлесіп қызмет жасау шарттары анықталуы тиіс.

40. Қоса қаржыландыру қаражаты өтінімге сәйкес Жобада белгіленген міндеттер мен мақсаттарға ғана жоспарланып жобаны іске асырудың әр кезеңінде жұмсалуды тиіс.

8. Қорытынды жағдайлар

41. Оператор грантты қаржыландыруды ғылыми (және)немесе ғылыми-техникалық қызметті 4 қосымшаға сәйкес коммерцияландыруға грант беру туралы келісім-шарт негізінде жүзеге асырады.

42. Келісімшарт жасалмай тұрып, өтінім беруші Операторға Конкурстық құжаттаманың 3 қосымшасына сәйкес құжаттарды ұсынуы керек.

43. Әлеуетті өтінім берушілерге кеңес беруді Конкурс Операторы тікелей сұхбаттасу, байланыстың техникалық құралдарын пайдалану (телефон, интернет), семинар-кездесулерді ұйымдастыру және өткізу арқылы, және де кеңес берудің басқа да түрлері арқылы жүзеге асырады.

44. Тікелей сұхбаттасу арқылы кеңес беру жұмыс күндері Астана уақытымен сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін Конкурстық құжаттаманың 48 тармағында көрсетілген және байланыстың техникалық құралдарын пайдалану (телефон, интернет) арқылы кеңес беру жұмыс күндері Астана уақытымен сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін Конкурстық құжаттаманың 49 тармағында көрсетілген байланыс деректері бойынша жүзеге асырылады.

45. Өтінім беруші жазба түрінде немесе электрондық құжат түрінде Конкурс Операторына Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша сұрақтарды, Конкурстық құжаттамада және Конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген пошталық мекенжайға немесе электрондық поштаға жолдауға құқылы. Бұл ретте, сауалда төмендегілер көрсетілуі керек:

- Конкурс және Конкурс Операторының атауы;
- сауалды жолдаған ұйымның атауы және оның мекенжайы;
- түсіндіруді қажет ететін Конкурстық құжаттаманың тармағы;
- түсіндіруді қажет ететін сұрақтар;
- жауапты жіберу үшін тиісті электрондық пошта мекенжайын, факстың нөмірін, пошталық мекенжайды көрсету арқылы түсіндіруді алу тәсілі (поштамен, факсимильды байланыспен, электрондық поштамен). Сауалда ұйым басшысының немесе басқа да уәкілетті тұлғаның қолы болуы қажет.

46. Конкурс Операторына сауал түскен уақыттан бастап бес жұмыс күн ішінде Конкурс Операторы осы сауалдың бастамашысына жауап қайтарады.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін өтінім берушілерге түсіндіру мерзімінің басы болып, ғылым саласындағы уәкілетті органның және

Конкурс Операторының ресми сайтында Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды орналастыру күні болып есептеледі.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін өтінім берушілерге түсіндіру мерзімінің аяқталуы – Конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген, Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді беру мерзімінің аяқталуына кемінде бес жұмыс күн қалғанға дейін.

47. Өтінімдерді беру мерзімі - 2018 жылдың «18» маусымынан 2018 жылдың «01» тамызына сағат 18.00-ге дейін.

48. Кеңес алу үшін Конкурс операторының мекен-жайы: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 41, «Silk Way» БО, 4 қабат – «Ғылым Қоры» АҚ, 401 кабинет.

49. Байланыс деректері: +7 (7172) 76-85-78, +7 (7172) 26-63-59; электронды пошта: info@science-fund.kz.

50. Конкурстық өтінімді дайындау сұрақтары бойынша кеңес беру және конкурстық құжаттаманы түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыратын Конкурс Операторынан уәкілетті тұлғалары, жобалар үйлестірушілері - Кәрімқызы Бекзат, Темиров Ерлан және Сапарова Шолпан.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық
қызмет нәтижелерін коммерцияландыру
жобаларын грантық қаржыландыруға
арналған өтінімдерді дайындау бойынша
Конкурстық құжаттамаға
1 қосымша

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық
қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант алуға өтінім беруге арналған
ӨТІНІШ**

(өтінім берушінің атауы)

Заңды тұлға _____
Жеке тұлға _____

Өтінім берушінің мекенжайы: индекс, облыс, аудан, қала, көше, үй, (кеңсе) (пәтер)
(заңды және нақты мекенжайлары бөлек көрсетіледі):

Тел.: _____
E-mail: _____
Web-site: _____
БСН/ЖСН _____

осы өтінішті Қосымшалармен жолдайды.

Жобаның атауы:

Жобаны іске асыру үшін экономиканың басым секторының атауы:

Басым бағыттың атауы:

Жобаның жалпы сомасы (теңге):

Оның ішінде:

Сұралатын грант сомасы (теңге): _____

Қоса қаржыландыру сомасы (бар болғанда) (теңге): _____
оның ішінде, Өтінім берушінің қаражатынан _____,
жеке серіктестің қаражатынан _____.

Жеке серіктес деректемелері (бар болғанда):

Тел.: _____

E-mail: _____
Web-site: _____
БСН (бар болғанда) _____

Серіктестіктің түрі: қоса қаржыландыру/материалдық-техникалық база

Жобаны іске асыру мерзімі (ай): _____.

Өтінім берушінің бірінші басшысы (ТАӘ толығымен, ЖСН, туылған жылы, лауазымы, пошталық және электрондық адрес, жұмыс телефонның нөмірі) – заңды тұлғалар үшін:

Жоба басшысы (ТАӘ толығымен, ЖСН, туылған жылы, жұмыс орны, лауазымы, пошталық және электрондық адресі, жұмыс және ұялы телефонның нөмірі (тікелей), білімі, ғылыми дәрежесі):

Байланысушы тұлға (ТАӘ толығымен, ЖСН, туылған жылы, лауазымы, пошталық және электрондық адресі, жұмыс және ұялы телефонның нөмірі (тікелей)):

Жеке серіктестің бірінші басшысы (ТАӘ толығымен, ЖСН, туылған жылы, лауазымы, пошталық және электрондық адресі, жұмыс телефонның нөмірі):

Жеке серіктестен байланысушы тұлға (*бар болғанда*) (ТАӘ толығымен, ЖСН, туылған жылы, лауазымы, пошталық және электрондық адресі, жұмыс және ұялы телефонның нөмірі (тікелей)):

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 31 желтоқсан 2015 жылғы №718 бұйрығымен бекітілген, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру Ережесімен және осы Конкурстық құжаттамамен таныстыстық.

Жоба бойынша ұсынылған ақпараттың дұрыстығына, сондай-ақ ғылыми этика қағидаттарының ұсталуына, оның ішінде ғылыми деректерді жинақтау, бұрмалау, деректердің бұрмалауына әкелетін, плагиат және жалған бірлескен авторлыққа жол берілмейтініне кепілдік береміз.

Ұсынылған жоба бойынша жоспарланған іс-шаралар мен шығындар бұрын мемлекеттік бюджеттен және(немесе) басқа да көздерден қаржыландырылмағандығын растаймыз.

Берілген өтінімнің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес болмауы, жобаны қабылдамауына негізді себеп болатындығына қарсы емеспіз.

Осы өтінішпен, біз уәкілетті органға, ҚР БҒМ Ғылым комитетіне, «Ғылым Қоры» АҚ, жеке деректерді жинау және өңдеу құқығын, өтініште немесе қосымшада берілген құжаттарда көрсетілген ақпаратқа қол жеткізу және уәкілетті органның, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің, «Ғылым Қоры» АҚ, ішкі рәсімдеріне сәйкес ақпаратты тарату құқығын береміз.

Конкурстық құжаттамамен танысқанымызды және Операторға өз күзіреттілігіміз, біліктілігіміз, сандық және басқа да сипаттамалар, авторлық және сабақтас құқықтарды

сақтау, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрсетілген басқа да шектеулер туралы күмәнді мәліметтерді беру бойынша жауапкершілік туралы хабардар екенімізді растаймыз.

Осындай күмәнді мәліметтерді конкурсқа қатысуға берілген өтінімде және оған қосымша ретінде қоса жіберілетін басқа да құжаттарда беру бойынша толық жауапкершілікті өзімізге аламыз.

Өтінім берушінің электронды-сандық қолы

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын грантық қаржыландыруға арналған өтінімдерді дайындау бойынша Конкурстық құжаттамаға
2 қосымша

ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖОСПАРЫ

1. Жобаны жүзеге асырудың технологиялық жоспары

1.1. Жалпы мәлімет

1-ші кесте

Болжалды Грант алушы (өтінім беруші, стартап-компания, жеке серіктес)	<i>Атауын көрсетіңіз (бар болғанда)</i>
Жобаны қоса қаржыландырушы жеке серіктестің атауы (бар болғанда)	
Материалдық-техникалық базасын ұсынатын жеке серіктестің атауы (бар болғанда)	
Жоспарланған жобаны жүзеге асыру орны	
Жобаның мақсаты	<i>Жобаның мақсатын бір сөйлеммен сипаттаңыз</i>
Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінің қысқаша сипаттамасы	<i>Коммерцияландыруға ұсынылатын ФТҚН сипаттамасы келесі екі сұраққа жауап беруі тиіс: - Бұл не? (мысалы тәсіл, құрылғы, жаңа материал және т.б.) - Нарықтың қандай мәселелерін шешеді?</i>
Жобаның дайындық дәрежесі	<i>Коммерцияландыруға ұсынылатын ФТҚН бойынша бұдан бұрын қол жеткізген нәтижелерді атап көрсетіңіз</i>
Таңдалған коммерцияландыру жолы	<i>Конкурстық құжаттаманың 3 бөлімінің 9 тармағына сәйкес коммерцияландыру жолын көрсетіңіз</i>
Ұсынылған жоба бұдан бұрын өзге көздерден қаржыландырылған ба және қандай мөлшерде?	<i>Бағдарлама нөмірі, сомасы, мерзімі, атауы және т.б.</i>

1.2. Коммерцияландыруға ұсынылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері

Бұдан бұрын жүзеге асырылған ғылыми немесе ғылыми-техникалық жұмыстың сипаттамасын ұсыну қажет (соның ішінде мерзімі, қандай бағдарлама аясында немесе өз бастамасы негізінде, жүзеге асырылған орны, қаржыландыру сомасы, мемлекеттік тіркеу нөмірі).

Сонымен бірге коммерцияландыруға ұсынылатын нақты нәтиже көрсетіледі: жаңа өнімдер, материалдар мен заттардың үлгілері, модельдері, макеттері, технологиялар, графикалық материалдармен (фото, суреттер, сызбалар және т.б.) бекітілген жаңа білім немесе шешімдер.

Жобаны әзірлеудің алғышарттары, зерттелетін тақырыпқа байланысты әлемдегі алдында болған зерттемелерге шолу жасау және берілген жобамен өзара байланысын көрсету арқылы **ҒҒТҚН** жаңалығының негіздемесі.

1.3. Сіз ұсынған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі бизнестің қандай мәселесін шешеді

Бұл жерде келесідей ақпарат көрсетіледі:

- *ҒҒТҚН нарықтың қандай мәселесін шешеді?*
- *аталған мәселені Сіз қалай шешуді ұсынасыз?*
- *коммерцияландыруға ұсынылатын ҒҒТҚН қажеттілігі және маңыздылығы?*

Одан басқа, жобаның жоғары қосымша құны бар жаңа тауарларды өндіруге көзделуінің дәрежесін көрсету қажет, ол нарықтар сипаттамасы және өнімнің техникалық-экономикалық сипаттамалары бойынша негізделген сандық мәліметтермен қуатталуы тиіс.

1.4. ҒҒТҚН коммерцияландыруға ұсынылған жобаның мақсаты мен міндеттері

ҒҒТҚН коммерцияландыруға ұсынылған жұмыстардың мақсаты мен міндеттері қысқа және нақты баяндалуы, жарияланған конкурстың тақырыбына сай болуы және бұдан бұрын алынған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне негізделуі тиіс.

1.5. Техникалық сипаттамаларын көрсете отырып ұсынылған өнімнің немесе қызметтің нарықта бар аналогтар мен алмастырушылармен салыстырмалы сипаттамасы

Бөлімде ұсынылған өнімнің немесе қызметтің техникалық және тұтыну сипаттамалары туралы егжей-тегжейлі ақпарат ұсынылады. Одан басқа, нарықта бар аналогтар мен алмастырушылар бойынша салыстырмалы талдау өткізу қажет.

Сонымен бірге, өнімді немесе қызметті әзірлеуге, өндіруге және өткізу үшін рұқсат беретін лицензиялар, сертификаттау тәртібі қажет болған жағдайда, оларды алу және өту бойынша қызметтер қалай ұйымдастырылатындығын сипаттап беріңіз (оның ішінде мерзім және қаржыландыру бойынша).

1.6. Жобалық топ

Жобалық топтың әр мүшесі үшін 2-ші кестені толтыру арқылы жобалық топтың құзыретін сипаттау қажет.

2-ші кесте

Т.А.Ә	
Туылған күні	
Жобадағы лауазымы	
Жобадағы біліктілігі және жұмыс бағыты	
Жобада жұмыспен қамтылу мерзімі	
Жобаны іске асырудағы рөлі мен функциялары	
Дипломдар, сертификаттар, куәліктер	

Білімі (ЖОО, мамандық, ғылыми дәреже (бар болғанда) атауы)		
Жұмыс өтілі:		
Жұмыс атқарған мерзімі	Лауазымы және ұйым атауы	Жұмыстың негізгі нәтижелері
Әртүрлі жобаларға қатысу		
Жобаға байланысты жариялымдар, патенттер		

1.7. Жобаны жүзеге асыру барысының картасы (күнтізбелік жоспар)

Жобаны жүзеге асыру барысының картасында процесстің басталу және аяқталудың жоспарланған мерзімін, процесс ұзақтығын, әр процессті жүзеге асырғандағы күтілетін нәтижелерін және процессті орындауға жауапты жобалық топтың мүшесін(-лерін) көрсете отырып жобаның (технологиялық және бизнес процесстер) процесстерінің (іс-шаралар) тізімі берілуі тиіс (3-ші кесте).

3-ші кесте

Іс-шара	Кезең	Кезеңнің басталуы	Ұзақтығы	Нәтиже	Жауапты орындаушы

Ескертпе: Жобаны жүзеге асырудың барлық мерзімі 2-ден кем емес және 4-тен артық емес кезеңдерден тұруы тиіс.

1.8. Жобаның ұйымдық құрылымы

Бөлімде 5-ші кестеге сәйкес басқа тұлғалар қызметтері ретінде тартылатын барлық мамандардың сипаттамасын беру қажет.

5 Кесте

№	Тартылған маман	Басталуы (айы)	Аяқталуы (айы)	Ай саны	Жобаны жүзеге асырудағы міндеті мен рөлі
1					
2					
3					
...					

1.9. Жобаны жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдер сипаттамасы

Бөлімде 6-шы кестеге сәйкес жоба бойынша күтілетін нәтижелерге жетуге әсер ететін мүмкін тәуекелдерді сипаттау қажет. Соның ішінде техникалық жүзеге асырудың мүмкін еместігін қоса отырып техникалық және (немесе) технологиялық шешімді енгізуге байланысты техникалық тәуекелдер және сонымен қатар қажетті шикізат базасының болмауы мен экологиялық мәселелердің болуын қоса отырып өндірісті ұйымдастыруға байланысты өндірістік тәуекелдер. Одан басқа, нарыққа шығуға кедергі болатын қолданыстағы ережелер мен заң талаптарын көрсету қажет.

6-шы кесте

№	Тәуекел	Факторлар	Жауап қайтару бойынша әрекеттер
1			
2			
...			

1.10. Зияткерлік меншік нысандары бойынша сауалнама

7-ші кесте зияткерлік меншіктің әр нысаны бойынша толтырылады.

7-ші кесте

1	ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК НЫСАНДАРЫ	
1.1	Ұсынылған жоба бойынша зияткерлік меншікті қорғайтын қорғау құжаттамасы бар ма?	<input type="checkbox"/> - Ия <input type="checkbox"/> - Жоқ
1.2	Қорғалатын зияткерлік меншік нысанының түрі (ЗМН)	<input type="checkbox"/> - өнертабыс <input type="checkbox"/> - пайдалы үлгі <input type="checkbox"/> - өнеркәсіптік үлгі <input type="checkbox"/> - селекциялық жетістік <input type="checkbox"/> - ЭЕМ бағдарламасы <input type="checkbox"/> - дерекқор <input type="checkbox"/> - ноу-хау <input type="checkbox"/> - басқа (көрсету)
1.3	Қорғау құжаттамасының түрі	<input type="checkbox"/> - ҚР өнертабысқа инновациялық патенті <input type="checkbox"/> - ҚР өнертабысқа патентті беруге өтінім <input type="checkbox"/> - ҚР өнертабысқа патенті <input type="checkbox"/> - ҚР пайдалы үлгіге патентті беруге өтінім <input type="checkbox"/> - ҚР пайдалы үлгіге патенті <input type="checkbox"/> - еуразиялық өтінім <input type="checkbox"/> - өнертабысқа еуразиялық патенті <input type="checkbox"/> - халықаралық патент (Патенттік кооперация туралы шарт)

		<input type="checkbox"/> - шетелдік патент (елді көрсетіңіз _____) <input type="checkbox"/> - авторлық құқық нысанының мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі
1.4.	Қорғау құжатының және (немесе) өтінімнің номері	
1.5.	Басымдық күні (өтінім беру күні)	
1.6.	ЗМН атауы	
1.7.	ЗМН авторлары	
1.8.	ЗМН құқық иесі және (немесе) патент иесі	
1.9.	Қорғау құжатының мәртебесі	<input type="checkbox"/> - күшінде <input type="checkbox"/> - күшін жоғалтқан, бірақ қайта күшіне енгізуге болады <input type="checkbox"/> - күшін жоғалтқан
1.10	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі ашылмаған ақпарат тәртібінде (ноу-хау) қорғалатын болған жағдайда, келесінің барын көрсетіңіз:	<input type="checkbox"/> - ноу-хау мазмұны бойынша құжаттар (техникалық құжаттама: технологиялық процесстердің, әдістердің және т.б. сипаттамасы) ; <input type="checkbox"/> - коммерциялық құпия тәртібін анықтайтын құжаттар, соның ішінде ноу-хау болып табылатын мәліметтер тізімі, оған рұқсаты бар тұлғалар тізімі, ноу-хауға рұқсат тәртібі және онымен таныстырылған тұлғалардың оны жарияламау бойынша міндеттемелері, коммерциялық құпия туралы ереже т.б.; <input type="checkbox"/> - ноу-хаудың коммерциялық құндылығы бойынша құжаттар, соның ішінде ноу-хауды енгізудің нақты экономикалық тиімділігінің есептері, енгізгенге дейін және кейінгі өндірістік көрсеткіштер, пайдалану тиімділігінің жоспарлы есептері, техника-экономикалық негіздемелер, сарапшылар қорытындысы және т.б.
1.11.	ЗМН құндық бағалануы өткізілген бе? (өткізілсе құнын көрсетіңіз)	
1.12.	ЗМН қолдануға ауыртпалық бар ма?	<input type="checkbox"/> - Ия _____ (түсініктеме) <input type="checkbox"/> - Жоқ
2	ЖОБА АЯСЫНДА ӘЗІРЛЕНЕТІН ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК НЫСАНДАРЫ	
2.1.	Жоба аясында жаңа ЗМН әзірлеу жоспарланған ба?	<input type="checkbox"/> - Ия <input type="checkbox"/> - Жоқ
2.2.	Әзірленетін жағдайда болжалды ЗМН көрсетіңіз	<input type="checkbox"/> - өнертабыс <input type="checkbox"/> - пайдалы үлгі <input type="checkbox"/> - өнеркәсіптік үлгі <input type="checkbox"/> - селекциялық жетістік <input type="checkbox"/> - ЭЕМ бағдарламасы <input type="checkbox"/> - дерекқор <input type="checkbox"/> - ноу-хау

		<input type="checkbox"/> - басқа (көрсету)
2.3.	Өзірленетін ЗМН қорғаудың болжалды әдісі	<input type="checkbox"/> - ҚР өнертабысқа инновациялық патенті <input type="checkbox"/> - ҚР өнертабысқа патенті <input type="checkbox"/> - ҚР пайдалы үлгіге патенті <input type="checkbox"/> - еуразиялық өтінім <input type="checkbox"/> - халықаралық өтінім (Патенттік кооперация туралы шарт) <input type="checkbox"/> - шетелдік патент (елді немесе елдерді көрсетіңіз) <hr/> <input type="checkbox"/> - авторлық құқық нысаны <input type="checkbox"/> - ашылмаған ақпарат тәртібі (ноу-хау)
2.4.	Өзірленетін ЗМН қалай пайдалануды жоспарлайсыз	<input type="checkbox"/> - өз өндірісінде <input type="checkbox"/> - лицензиялық келісімге отыру <input type="checkbox"/> - басқаға беру шартына отыру <input type="checkbox"/> - ЗМН шаруашылық айналымына енгізу жоспарланбаған <input type="checkbox"/> - басқа (көрсету)

1.11. Жобаны жүзеге асыру үшін пайдаланатын қолданыстағы материалдық-техникалық база туралы мәліметтер

Берілген бөлімде жобаны жүзеге асыру үшін пайдаланатын қолданыста бар материалдық-техникалық жарақтандыруды сипаттау қажет. Сонымен бірге, төмендегі кестеде нақты нысанның меншіктенушілерін көрсетіп, көрсетілген нысан жобаны жүзеге асыру кезінде ненің негізінде қолданылатындығын көрсету қажет (8-ші кесте).

8-ші кесте

№	Материалдық-техникалық база нысаны (техникалық сипаттамамен)	Мөлше рі	Меншіктенуші*	Ненің негізінде жобада қолданылады**
1	Өндірістік ғимарат			
2	Кеңсе бөлмесі			
3	Өндіріс жабдығы			
4	т.б..			
...				

*Өтініш беруші, болжалды Грант алушы, жеке серіктес, басқа (көрсетіңіз).

**Меншіктенуші болжалды Грант алушы болып табылмаған жағдайда, жобаны жүзеге асыруда нысан қандай құжат негізінде пайдаланатынын көрсетіңіз.

1.12. Жобаны жүзеге асыруға қажетті шикізат базасының сипаттамасы

9-шы кесте

№	Шикізат атауы	Бір жылға қажетті мөлшер	Шикізат меншіктенушісі	Меншіктенуші және шикізаттың орналасқан жері	Меншіктенуші де бар шикізат қорының мөлшері	Жүзеге асыру орнына жеткізу әдісі	Грант алушыға ақылы немесе ақысыз тәртіпте беру*
1							
2							
3							

...							
-----	--	--	--	--	--	--	--

** Грант алушыға ақылы тәртіпте берілген жағдайда берілген шикізатты сатып алудың болжалды бағасын көрсету қажет*

1.13. Қолданылған әдебиет тізімі

Өтінім мәтінде сілтеме жасалған, пайдаланған ақпарат көздерінің тізімін көрсету қажет.

Әр ақпарат көзі үшін көздің толық атауы, мақаланың, кітаптың, журналдың және т.б. толық атауы, шығару жылы, беттердің нөмірлері, авторлары көрсетіледі.

2. Жобаны іске асырудың коммерциялық жоспары

2.1. Жобаның бизнес моделі

- 1) Жоба нәтижесі бойынша не сатылады? (өнім, қызмет көрсету немесе зияткерлік меншік)
- 2) Коммерциялық қызмет нәтижесінде табыс алу қандай тәсілмен жоспарланған?
- 3) Өнімнің және (немесе) қызмет көрсетудің соңғы құны және есептік өзіндік құны қандай? (есептеулерді толық көрсету арқылы)
- 4) Өнімнің және (немесе) қызмет көрсетудің жоспарланған сату көлемі (10-шы кесте)
- 5) Табыс есебі (11-ші кесте)

10-шы кесте

Өнім шығару (қызмет көрсету бағдарламасы), өлшем бірлігі	Жобаны іске асыру			Жобаны жүзеге асырғаннан кейін		
	1 жыл	2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл	6 жыл
Ең жоғарғы қуаттан жүктеу (%)						
Шығарға жоспарланған өнім (қызмет көрсету):						
1. А өнімі (қызметі), саны						
2. Б өнімі (қызметі), саны						
3. В өнімі (қызметі), саны						
Барлығы:						

11-ші кесте

Өнім (қызмет)	Бірлік бағасы	Жобаны іске асыру			Жобаны іске асырғаннан кейін		
		1 жыл	2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл	6 жыл
1. А өнімі (қызметі)							
2. Б өнімі (қызметі)							
3. В өнімі (қызметі)							
Барлығы:							

2.2. Жоба нарығын бағалау

- 1) Ақпарат көзін көрсете отырып, жалпы әлеуетті нарықтың сипаттамасы (көлемі мен сипаттамасы бірлік және ақшалай түрінде).
- 2) Географиялық, секторлық және басқа да белгілер бойынша сәйкестендірілген, өнімді немесе қызметтерді сату үшін мақсатты нарықтары қандай (нарықтың қандай үлесін алу жоспарланып отыр, көлемі бірлік немесе ақша түрінде).
- 3) Әлеуетті тұтынушылар (нақты компаниялар атауы, қызмет саласы, өнімнің (қызметтің) болжамды пайдалану көлемі, алдын-ала келісім-шарттар жасалынған және (немесе) ниет хаттар алынған ұйымдар тізімін көрсету керек).
- 4) Әзірленген FTTҚН қолдана отырып шығарылатын өнім немесе қызметтерге қызығушылықты анықтау арқылы нарық зерттелді ме? Мұнда FTTҚН-ға қызығушылықтарын құжатпен көрсеткен тұлғалар немесе ұйымдар, компаниялар атауын көрсету керек. Бар болған жағдайда өнім немесе қызметке қызығушылық танытқан ұйымдар тізімін көрсету керек.

2.3. Жоба бәсекелестігін бағалау

- 1) Аналогтар мен алмастырушылардың болуы
- 2) Бәсекелес - фирмалар

3) Осы бәсекелестің өнім және (немесе) қызметінің бір данасы үшін нарықтық бағасы

4) Осы өнім және (немесе) қызмет тұтынушаларының негізгі тобы

5) Бәсекелестермен салыстырғанда ұсынылып отырған FTTҚН негізгі артықшылықтары

б) Бәсекелестермен салыстырмалы талдау (12-ші кесте)

12-ші кесте

Көрсеткіш	1-ші бәсекелес	2-ші бәсекелес	3-ші бәсекелес	...
Көрсеткіш 1				
Көрсеткіш 2				
Көрсеткіш 3				
...				

Салыстырмалы талдауды нақты компаниялар мен өнім (немесе) қызмет бойынша жүргізуге болады

2.4. Жоба бойынша шығыстарды бағалау (шығыстар сметасы)

1) Шығыстар сметасы (13-ші кесте)

2) Жоба бойынша шығыстарды негіздеу және толық көрсету

13-ші кесте

№	Шығындар атауы	Сома	Транш (жоба кезеңдері бойынша, соманы көрсету керек)			Қаржыландыру көзі (грант немесе қоса қаржыландыру)	Қорытынды сомадан %
			1	2	3		
1	Штат кестесіне сәйкес еңбекақы төлеу қоры					Грант	
						Қоса қаржыландыру	
						Барлығы	
2	Жабдықтар және(немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу					Грант	
						Қоса қаржыландыру	
						Барлығы	
3	Өндірістік үй-жайларды дайындау					Грант	
						Қоса қаржыландыру	
						Барлығы	
4	Шығын материалдарын және толымдаушыларды сатып алу					Грант	
						Қоса қаржыландыру	
						Барлығы	
5	Үшінші тұлғалардың қызметтерін және (немесе) жұмысын төлеу					Грант	
						Қоса қаржыландыру	
						Барлығы	
6	Ғимараттарды, жабдықтарды жалға алу					Грант	
						Қоса қаржыландыру	
						Барлығы	
7	Зияткерлік меншікті қорғау					Грант	
						Қоса қаржыландыру	
						Барлығы	
8	Иссапар шығыстары					Грант	
						Қоса қаржыландыру	
						Барлығы	
9	Өнімді және (немесе) қызмет					Грант	
						Қоса қаржыландыру	

	көрсетуді нарыққа алға жылжытудың шығыстары					Барлығы	
10	Салықтық міндеттемелер және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер					Грант	
						Қоса қаржыландыру	
						Барлығы	
11	Операциялық шығыстары					Грант	
						Қоса қаржыландыру	
						Барлығы	
12	Басқа да қоса қаржыландырылатын шығыстар					Қоса қаржыландыру	
	Грант барлығы:					Грант	
	Қоса қаржыландыру барлығы:					Қоса қаржыландыру	
	Итого:					Барлығы	

Шығыстар сметасы жобаның күнтізбелік жоспарына сәйкес құрылады және ұсынылған жобамен байланысты емес басқа да шығыстар баптарына жұмсауға тыйым салынады. Шығыстардың барлық баптарының сомасы жобаның жалпы сомасын көрсетеді және ұсынылған сомаға тең болуы керек.

Шығыстар сметасының баптарын толық көрсету және негіздеу

1) Штаттық кесте (14-ші кесте)

14-ші кесте

№	Аты - жөні	Лауазымы	Қатысу дәрежесі	Жұмыс айларының барлық саны	Бір айға жалақы мөлшері	Еңбекақы төлеу қоры			
						1 кезең	2 кезең	3 кезең	Барлығы
1		Жоба жетекшісі							
2		Коммерцияландыру бойынша маман							
3									
4									
5									
6									
7									
					Барлығы:				

❖ *Штаттық кестені құру кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын, соның ішінде күнделікті жұмыс уақытының ұзақтығы нормаларын қатаң түрде сақтау қажет (23.11.2015ж. №414-V ҚР Еңбек кодексінің 68 және 71 баптары).*

❖ *Жоба жетекшісінің жалақысы 350 000 теңгеден аспауы қажет (салықтар мен басқа да міндетті аударымдарды қосқанда)*

❖ *Коммерцияландыру маманының жалақысы 300 000 теңгеден аспауы қажет (салықтар мен басқа да міндетті аударымдарды қосқанда)*

❖ *Жобалық топтың басқа мүшелерінің жалақысы 250 000 теңгеден аспауы қажет (салықтар мен басқа да міндетті аударымдарды қосқанда)*

❖ *Жалақы жобалық топ мүшелерінің жобаға қатысу дәрежесіне байланысты пропорционалды түрде қысқартылады*

2) Жабдықтар және(немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу (15-ші кесте)

15-ші кесте

№	Жабдықтар және(немесе) бағдарламалық қамтамасыз етудің атауы	Құны (теңге)		Қажеттілік пен құнының негіздемесі (Интернетке, коммерциялық ұсыныстарға сілтемелер, сипаттамалы негіздемелер, хаттарға сілтемелер)
		Бірлік үшін	Сом	
1				
2				
...				
Барлығы				

